



20-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Баршаға әділдік





Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Баршаға әділдік

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

## «Әділеттілік «кемшіліктері»

Теңсіздік тұрақты сақталады. Дегенмен, шамаланған уақыттан кеш болса да, айтарлықтай прогреске қол жеткізе алдық – дейді кітап авторы. Осы жерде арнайы білім алу мүмкіндігін қарастырайық. Англияда 1826 жылға дейін Англикан шіркеуінің жарғысын қабылдауға дайын емес адамдар университетте білім ала алмайтын еді, сондықтан католиктер, еврейлер, мұсылмандар, атеистер және христиан неконформистер университетте оқи алмады. Англияда 1878 жылға дейін әйелдерге еш жерде ерлермен тең шарттар берілмеді. Әйелдер Кембридж университетіне алғаш рет 1869 жылы қабылданғанына қарамастан, олар оны 1948 жылы ғана аяқтап, ерлер сияқты дәрежеге ие болуы таңқаларлық жағдай еді. Дәл осы жағдайды Құрама Штаттарына да қатысты айтуға болады. Мысалы, Гарвардқа түсуден үміткер әйелдер оның орнына 1879 жылы әйелдерге арналып құрылған Рэдклифф колледжіне ғана қабылданды, Гарвардқа түсу құқығына екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана толықтай ие болды.

Кездейсоқ Афроамерикалық ер адамдар Гарвардқа 1870 жылдан бастап түсе бастады. Мысалы, біз әлі сөз ететін интеллектуал, ғалым және белсенді тұлға ДЮ БУА (1868–1963)

1895 жылы осы университетте философия докторы дәрежесін алған алғашқы афроамерикалық болды, ол сондай-ақ Берлин Университетінде де білім алды. Өкінішке орай, афроамерикалық әйелдерінің жағдайлары одан да қиын болды. Гарвард бизнес мектебін бітірген алғашқы афроамерикалық әйел - Лилиан Линкольн Ламберттің өзі оны біртіндеп келе 1969 жылы аяқтаған. Бүгінде біз әлі де толық теңдікке қол жеткізу үшін күресіп отырсақ та, осыдан бір-екі ұрпақ бұрын әлемнің қаншалық басқаша болғаны таң қалдырады.

Бұл дәрісте әділдікке қатысты осы олқы тұстарды қысқаша қарастырып өтеміз. Біз гендерлік теңдік мәселесінен бастап, содан соң нәсілдік әділдік мәселелерін, одан кейін мүгедектік пен сексуалдық бағдар мәселелерін қарастыратын боламыз, олардың әрқайсысы «ішкі әділдік» деп аталатын көзқарас тұрғысынан, яғни бір мемлекет шеңберінде әрекет ететін әділдік тұрғысынан қарастырылады. Содан кейін біз алдымен иммиграция мен байлықтың жаһандық теңсіздігі н, содан кейін болашақ ұрпақ үшін, әсіресе климаттың өзгеруіне байланысты әділдік мәселелерін қарастыра отырып, өз көзқарасымызды кеңейтеміз. Бұл талқылаулар, әрине қысқа болады, бірақ олардың саяси философияда да, күнделікті өмірде де үлкен аландаушылық тудыратын салаларға қатысы бар.

## Әйелдер құқығы

Бәлкім, феминистердің ең айқын талабы әйелдерге еркектермен тең құқық беру болар. Жоғарыда берілген үзіндіде француз феминисі және философы СИМОНА ДЕ БОВУАР (1908–1986)

1949 жылы атап көрсеткендей, егер біз осы уақытқа дейін әйелдердің қаншалықты теңсіздік жағдайында болғанын мойындасақ, бұл талап - таңқаларлық жағдай емес.

Қоғам, әрине, әйелдерге тең құқықтар беруде үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Осыдан он жыл бұрынғы кезеңмен салыстырғанда қазіргі таңда жұмыспен қамту саласында ашық және айқын кемсітушілік әлдеқайда сирек кездеседі және бұдан былай жағдай жақсарады деп пайымдауға негіз бар. Қазіргі таңда тұрмыс құрған әйелдің несие алуы оның күйеуінің мақұлдауына емес, өзінің қаржылық жағдайына байланысты. Көп елдегі университеттерде ерлерге қарағанда әйелдердің үлес салмағы көбірек. Егер әйелдер тең құқықтарға ие болса немесе көп ұзамай соған толықтай қолдары жетсе, феминистерге одан артық не қажет?

## Кемсітушіліктің жанама түрлері

Тең құқықтар саясаты жеке алғанда, жақсы болғанымен де, теңдік талаптарын қанағаттандыру үшін оның жеткіліксіз екенін түсіну аса қиын емес. Қазіргі кезде әйелдер жұмыс орындарында айқын және ашық түрде кемсітуді көп көрмесе де, байқала бермейтін астыртын кемсітудің әлі күнге дейін кездесетіні рас. Ерлер мен әйелдерге екі түрлі жалақы мөлшерін белгілеу заңсыз, дегенмен әйелдер әлі де бұл көрсеткіштің төменгі жағында орын алады. Соңғы уақытта жасалған баяндамадағы деректерге сәйкес, Біріккен Корольдікте 1970 жылы еңбекақы бірдей мөлшерде төлеуге қатысты бірінші заң қабылданғанға дейін, әйелдер орта есеппен ерлердің бір сағаттық еңбекақысының 63% ғана алған. 2005 жылы толық күн жұмыс істейтін әйелдердің табысы бұрынғыша ерлердікінен 18 пайызға аз болса, жарты күндік жұмыс жағдайында бұл айырмашылық 40 пайызға жеткен. 2014 жылы толық жұмыс күніне төленетін еңбекақыдағы айырмашылық 10 пайыздан сәл төмен көрсеткішке жетті, бұл біржағынан 2008 жылғы



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Баршаға әділдік

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

рецессиядан кейін әйелдерге қарағанда ерлердің жалақыларының бірден азайғанына байланысты. Бұл алшақтық неліктен сақталады? Жұмыспен қамтудағы кемсіту заңсыз болғанымен, жұмысқа қабылдау мен қызметке тағайындауға қатысты әрбір шешімді қадағалап отыруға мемлекеттің мүмкіндігі жетпейді. Басқаша айтсақ, Карл Маркс атап көрсеткендей әрі алдыңғы тарауда өзіміз қарастырғанымыздай, заңдар да кемшіліксіз болуы үшін, қоғам да кемшіліксіз болуы керек. Кемсітудің заңсыз деп тану оны мүлде жоқ қылып жібермейді.

## Теңдік бойынша айырмашылық

Дегенмен, құқықтардың шынайы теңдігін қамтамасыз ететін саясатқа қол жеткізе алсақ та, қиындықтар бәрібір туындай береді. Тағы сол КАРЛ МАРКС (1818–1883) айтқандай, бір мәселедегі теңдік екінші мәселеде теңсіздік тудыруы мүмкін. Егер бір адамның асырауы тиіс кәрі туыстары болса, ал екінші бір адамда болмаса немесе біреуі мүгедек болып, ал екінші адамның дені сау болса, тең мөлшердегі табыс өмір сүрудің тең деңгейін қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан, егер ерлер мен әйелдердің қажеттілігі айтарлықтай ерекшеленетін болса, онда тең құқықтарды қамтамасыз ететін саясат теңдікке жетудің жолы бола алмайды. Шынында да айтарлықтай айырмашылық бар ма? Осы тұста, феминистердің өзі кейде дилеманы сезеді. Әйелдердің қажеттілігі ерлердің қажеттіліктерінен ерекшеленетіні туралы болжам, сонымен қатар, мұндай қажеттіліктер нақты наразылықтарды туындататыны туралы тұжырым кейде әлсіздік немесе ерекше бір өтініш ретінде, яғни өздерінің кемшін тұстарын үнсіз мойындау секілді қабылданатыны бар. Осыдан келіп, кейбір феминистер әйелдердің айрықша өз құқықтарын қажет ететінін жоққа шығарады.

## «Гендерлік» және «жыныс»

Дегенмен, еркек пен әйелдің арасында айырмашылықтардың бар екенін мойындау әйелдердің әлсіз немесе дәрежесі төмен екенін білдірмейді, бар болғаны көбіне біз жағдайды осылай түсіндіреміз. Ерлердің де ерекше қажеттіліктері бар: мысалы, ер адам әдетте әйелге қарағанда күнделікті калорияны көбірек тұтынуды қажет етеді. Алайда, бұл мәселе әйелдермен салыстырғанда ерлердің олқылығы ретінде ешқашан қарастырылған емес; бар болғаны бұл күш пен қосымша тамақтануға деген құқық белгісі. Топтың ерекше қажеттіліктері бар екенін мойындау, ол оның әлсіз екенін білдірмейді. Әйелдердің биологиялық табиғатымен байланысты ерекше қажеттіліктерінің бар екенін мойындамау, әйелдерді әлдеқайда төмен жағдайда ұстаудың тәсілі болуы мүмкін. Мысалы, баланы дүниеге әкелетін еркек емес әйел екеніне факт ретінде көз жұма қарай алмаймыз. Бұл факт ерекше қажеттіліктерді, онымен бірге ерекше құқықтарға деген қажеттіліктерді тудырады. Дегенмен, аргументтердің бұл түріне аса сақтықпен қараған жөн. Әйелге тән ерекшелік ретінде қарастырылатын мәселе биологиямен қаншалықты байланысты? Бұл мәселені ашып көрсетудің бір жолы - «жыныс» пен «гендер» арасындағы айырмашылықты анықтау. Жыныс таза биологиялық санат ретінде; ал гендер әлеуметтік санат ретінде қарастырылады. Гендерлік рөлдер әр қоғамға қарай өз бетінше өзгеріп тұруы мүмкін. Бір қарапайым ғана мысалды қарастырайық: кей қоғамдарда ешкіні тек ер адамдар бағады, ал кейбір қоғамдарда тек әйелдер бағады. Осылай болудың ешқандай биологиялық себептері жоқ: бұл айырмашылық, әлбетте, қоғамның өзі «екінші табиғат» ретінде қабылдайтын әлеуметтік әдет-ғұрып мәселесі. Бірақ бұл жерде табиғи ешнәрсе жоқ, және оны басқа жолмен өзгертуге кедергі болатын себептер де жоқ. Гендерлік рөлдер негізінде бағалау және өзгерістерге ашық болып көрінеді.

## Өзгерістер бар ма?

Тарихтың өн бойында неке әйел үшін ығыр қыларлық ауыр жұмыстан құтқаратын пана ретінде қарастырылып келді. Алайда, бұл мәселе жағдайды жақсарта қойған жоқ, тіпті жақсы болған күннің өзінде әйелдерге бағынышты адам ретіндегі әлеуметтік рөлді бекітіп берді. Алайда, өз таңдауымен немесе экономикалық зәрулікке орай мансап пен отбасын қатар алып жүру талпынысы көп әйелге үй және қызметінде атқаратын «екі есе» ауыр жұмыс күнін жүктеді, өз кезегінде бұл, олардың мансаптық перспективаларын қиындатты. Ерлер үй шаруасын жұмыс істейтін әйелдерімен бөлісуге әзір ме? 1980 жылдардың ортасында былай айтылған-ды: «Толық күн жұмыс істейтін әйелдердің күйеулері үй шаруасындағы әйелдің күйеуіне қарағанда үй жұмысын атқаруға күніне орта есеппен екі минут жұмсады, бұл тіпті жұмыртқа пісіруге де жетпейтін уақыт». Қазір бірдеңе өзгерді ме? Жұмысына ақы төленсе де,



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Баршаға әділдік

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

---

төленбесе де, әйелге жиі оның күйеуіне берілетін билік, мәртебе және экономикалық дербестік жетіспейді және бұл белгілі бір деңгейде тіпті жұмыс істейтін әйелдің өзіне неліктен үй шаруасын атқарудағы басты жауапкершілік жүктелетінін түсіндіреді. Мұндай теңсіздіктерді жою керек және әйелдерге жұмыс орнында тең мүмкіндіктер беруді қамтамасыз ететін құрал ретінде де қолдану қажет. Дегенмен, тағы не істеуге болады? Тағы бір ұсыныс мынадай: әйелдер «компенсациялық дискриминация» бағдарламасының бенефициарлары болуға тиіс, бұл - мүмкіндіктері шектеулі топтың карьераларын дамытуға бағытталған белсенді саясат. Компенсациялық дискриминация әйелдерден басқа да топтарға да ұсынылған болатын, келесі дәрісте осы туралы және түрлі мысалдар мен жағдайларды талқылайтын боламыз.